

АМАНКЕЛДІ АУДАНЫНЫҢ ТАРИХИ ТОПОНИМИКАСЫНЫҢ КЕЙБІР МӘСЕЛЕЛЕРІ

Калиев Д.Д.

Ғылыми жетекші – Күзембайұлы А.

***Аннотация.** Статья посвящена некоторым проблемам исторической топонимики Амангельдинского района, формированию названий населенных пунктов Амангельдинского района в советский период. Изучение топонимики представляет большой интерес для исторической науки. Данные названия закреплены за народом, проживающим на данной территории. Несмотря на различные изменения, эти названия содержат в себе информацию о племенах и народах, населявших эти земли. Каждый регион славится своими историческими личностями. Амангельды в различные исторические эпохи был знаменит своими деятелями. Поэтому изучение истории и топонимики Амангельдинского района вызывает широкий интерес в научных кругах.*

***Abstract.** This article is sanctified to some problems of historical toponymy of the Amangeldy's district. Forming of the names of settlements of the Amangeldy's district in a soviet period. The study of toponymy presents large interest for historical science. These names are envisaged after people resident on this territory, and in spite of different changes, these names contain information about tribes and people of inhabiting these earth. Every region is famous the historical personalities. Amangeldy - in different historical epochs was famous the figures. Therefore the study of history and toponymy of the Amangeldy's district causes wide interest in scientific circles.*

Адамзат қоғамы даму барысында, қарқынды шаруашылық әрекеттердің нәтижесінде географиялық ортаға айтарлықтай ықпал етті. Тіршілік үшін күрес барысында адамзат, оның ішінде қазақ қоғамы өзіне қажетті ресурстарды игеруге, табиғи ортамен «түсінісе» өмір сүруге бейімделді. Олар ғажайып Еуразиялық дала кеңістігінде табиғатпен өзара түсіністікте тіршілік етуге қол жеткізді. Қазақ халқының осы көп ғасырлық тәжірибесі географиялық атауларда – топонимдерде кеңінен сақталған.

Тарихи уақыт аралығында дәстүрлі мал шаруашылығына қажетті жануарлар мен өсімдіктердің жеке түрінің ареалын анықтау, ландшафт өзгерістерін зерделеу, табиғат пен табиғи ресурстарды қорғау сияқты күнделікті туындайтын іс-шаралар географиялық нысандардың айырым-белгілері болып табылатын атауларды өмірге алып келді. Нақты тарихи кезеңде және табиғи ортада қалыптасқан қандай да болмасын географиялық атаулардың көпшілігі жергілікті жердің физикалық-географиялық ерекшеліктерін сипаттайтын құнды тарихи мәліметтер болып табылады. Осы тұрғыдан алып қарағанда, көшпелі қазақ қоғамының сан ғасырлар бойы табиғатты пайдалану барысында жинақтаған географиялық білімі шаруашылықты тиімді ұйымдастыруға негіз болды. Қазақстанның жер-су атаулары ұлттық тіл мен этникалық мәдениеттің құрамдас бөлігі ретінде танылып, халықтың тарихи жадынан үлкен орын алды. Жер-су аттарының тіл білімі, тарих және география секілді ірі үш ғылым саласының түйіскен жерінен шығуы оның күрделі сала екенін көрсетеді.

Топонимдерді зерттеудің ғылыми маңызы жоғары. Жер, су, теңіз, өзен, көл, таулардың жалқы атаулары сол жерде ертеде өмір сүрген халықтың тілінен алынған. Бұл атаулар әлгі халықтар басқа жаққа кетіп, орнына басқа халық келсе де, алғашқы қалпында сақталып, ғасырлар бойы өмір сүреді десек, тарихы күрделі қазақ қоғамының құрамдас бөлігі болып табылады.

«Топонимика – географиялық атаулар туралы ғылым» (Е.П. Поспелов). Топонимика қазіргі кезде дербес ғылым саласы ретінде қалыптасып қалғанымен, ол әуел бастан тіл білімі, тарих және география ғылымдарына тәуелді болып келеді. Жер-су аттары осы аталған үш саланың да зертеу нысанасы болып саналады [1].

Тарихтағы жеке тұлғалар сияқты әр жердің де қалыптасуы, даму немесе құлдырау кезеңдері бар. Талай кезеңдерді басынан өткізіп отырған өңірдің бірі – Аманкелді. Сондықтан да Аманкелді тарихын, халықтардың қалай тіршілік еткенін, олардың өмірінде қандай өзгеріс болғандығын адамзаттық өмір сүруі қалай өзгеріп, бүгінгі күнге қалай жеткенін зерттеу қажеттілік.

Аманкелді ауданы – Қостанай облысының оңтүстік-шығысындағы әкімшілік бөлініс. Аумағы 27,8 мың км². Тұрғыны 18,0 мың адам, орташа тығыздығы 1 км²-ге 0,6 адамнан

келеді (2011 ж. есеп бойынша). Алғаш Батпаққара ауданы деген атпен 1928 жылы құрылды. 1936 жылы оған халық батыры Амангелді есімі берілді. Аудандағы 39 елді мекен 13 ауылдық округле біріктірілген. Аудан орталығы – Амангелді ауылы. Торғай үстіртінің оңтүстік-шығыс бөлігінде орналасқан. Оңтүстік - шығысын Жыланшықтүрме (абсолюттік биіктігі 250-300м) қыраты, Айғыржал (300-350 м) және Қырғыш тауларының солтүстік сілемдері (500 м) алып жатыр. Батыс жағының едәуір бөлігін “Торғай қолаты” деп. Аталатын ескі аңғардың шығыс беткейі қамтиды. Оған шығысынан Сарыөзен, Торғай, Жыланшық өзендерінің аңғарлары келіп түйіседі [2].

Торғай қаласы 1928 жылдың 19 наурызында селолық аудан орталығы деп аталады. Ал бізде Батпаққара орталығы деп көрсетілген.

1930 жылдың 17 желтоқсанында Бүкілодақтық атқару комитетінің осы жылғы 23 шілдедегі қаулысына сай Қостанай округі деген ат жойылады, көпшілік жері Батпаққара ауданына қосылады. Ол кезде Науырзымның орталығы бірде Қайғы, бірде Қарасу болатын. Батпаққара (қазіргі Аманкелді) еді. Екі аудан қосылғанда орталық та осы Батпаққара болатын, 1932 жылдың ақпанында Қостанай округінің бағынышты аймағы Ақтөбе облысына берілді. Батпаққара мен Торғай аудандары сол берілген 15 ауданның ішінде. Ендігі басшылық Ақтөбеде болып, жаппай аштықтың ауыр кезеңі соның қарауында өтті. 1936 жылдың шілдесінде Қостанай облысы қайта ашылып, қарауында 11 аудан болды. Батпаққара, Торғай, Семиозер аудандарының ендігі орталығы Қостанай болғалы сол облыстың бағыныштылығында 1970 жылғы 23 қарашаға дейін, яғни Торғай облысы құрылғанша болды. Республикаға басшы болып келген Г.В.Колбиннің ылаңынан Торғай облысы тарап, 1988-1990 жылдары тағы да Қостанайдың бағыныштылығында болғанымызды тарихтың тәлкегі деп жүргенімізде 1997 жылғы қосылу тағы келді. Ауданның алғашқы 1927–1928 жылдары құрылу және қалыптаса бастау кезеңі өте ауыр да, қиын да, әрі біз сияқты шет аймақтарда ешкім ештеңені түсіне қоймаған уақыт еді [3]. Жалпы патшалық Ресейдің бағынышында болғанымен, кең далада еркін жатқан бірыңғай ұлтты, қоғамдық меншікті әлі біле қоймайтын жеке меншікті кәсіппен айналысқан ел едік.

Аудан жартылай көшпелі, малын Сыр бойына жайлап қайтатын еркін жатқан елге қоғамдық меншікті енгізу оңайлықпен келген жоқ. Батпаққара ауданы болып құрылған кезде 1928 жылдың басына текті 7 ауылдық Кеңесте 5856 жанұя болып, халық саны 31208 жанға жетіп, жер көлемі 42650 шаршы шақырым болыпты. Бұл кезде Батпаққараға қосылмаған Науырзым ауданында 12 селолық кеңес, 5902 жанұяда 30793 жан болғанын еске ала кеткен жөн. Өйткені Науырзым ауданының басым бөлігі кейінірек біздің ауданға, Аманкелді ауданына қарағанда жер көлемі әлде қайда кеңіді.

Қазақ өлкелік атқару комитеті 1932 жылы елді отырықшыландыру туралы арнаулы қаулы алып, халыққа бірлесіп пайдалану, серіктіктер құру туралы арнаулы қаулы алды, әр ауылдың отырықшыланатын орталықтары белгіленді. Ауылдарға нөмірлер берілді.

Мәселен, №1 ауыл – Ырымбайға, №2 ауыл – Қырық үйге, №3 ауыл – Үрпекке, №4 ауыл – Жалғыз құдыққа, №5 ауыл – Шыңсайға, №6 ауыл – Амантоғайға, №7 ауыл – Обалыкөлге, №8 ауыл – Бөрліжарға, №9 ауыл – Қортоғайға, №10 ауыл – Үштөбеге, №11 ауыл – Көккөмерге, №12 ауыл – Екідінге, №13 ауыл – Қаншабылғанға, №14 ауыл – Бескопаға, №15 ауыл – Оспанға, №16–19 ауылдар Қосқопа, Қызылту, Жаңажол, Қырғызсайға, 20–23. 4-ауыл Жыланшық өзенінің арғы бетіне, Майдамтал маңына қоныс тебетін болып белгіленді. Бұлардың көпшілігі бұрынғы ауылдық болыстардың жерлері, яғни халық болған орталықтар. Халық отырықшылануы үшін бұрынғы таратылған 10 ТОЗ жерді бірлесіп өңдеу үшін серіктіктер ұйымдастыруды қолға алды. Мәселен, Қырық үй маңында Байғабыл (164 үй), Кенжетай (119 үй), Үрпекте Жаңа ауыл (116 үй), Обалыкөлде – Голощекин, Обалы, Сталин, Бестауда – Еңбекші, Ащысай, Жаңажолда – Терісбұлақ, Жаңажол, Қырғызсайда – Еңбекші, Алғабас серіктіктері құрылып, халық отырықшыланып, көшпенділікті тоқтатты. Сөйтіп, отырықшылану басталды. Архив құжаттарына қарағанда 22 серіктік жер белгілеп алыпты. Сол таратылған ТОЗ-дардың орнына ауыл шаруашылығымен айналысатын серіктіктер құрылды. Біразы

өздері таратқан ТОЗ-дарының орындарына серіктіктер құрды. Мәселен, Жанатұрмыс, Жаңа ауыл, Жаңақоныс, Жаңаталап, Жаңажол, Бейнетқор, Еңбекші тағы басқа серіктестіктердің, ауылдардың, кейін бірлескен шаруашылықтардың (колхоздардың) атаулары сол кездегі ағымнан шыққан. Алғашқыда 10 серіктік ТОЗ-дардың орындарына құрылса немесе Құстөбе, Майтөбе, Сымтас, Өтеміс, 16 жылдық, Амангелді тағы басқа серіктіктер құрылса, кейін 11 серіктік қатарға келді. Оларға 1932 жылы 2483 үй барлық үйдің 37 пайызы немесе 10654 жан бірікті. Аштықтан халықтың жұтауына байланысты серіктіктерге 255 ірі қара (көбі бұзау), 133 жылқы (құлын), ал жеке шаруаларға 550 ірі қара, 122 жылқы берілген. (1933 жылғы 8 қаңтардағы аудандық комсомол комитетінің бюро қаулысынан) Аупартком хатшысы Келдібайұлы деп қол қойған. Кейінгі құрылған серіктіктер: Сартал, Жангелді, Жаңа ауыл, Шыңсай, Бестау, Қайыңды, Тоғайлы, Жаңажұрт, Социал, Қызылту, Калинин деп аталып, оларға да мал берілген. [5]

1934 жылғы 1 қаңтарға дейін Ақтөбе болысына қол берген әр шаруашылықтың ақпарлауынан, олардың архивке тапсырған құжаттарынан көруге болады. Онда Амангелді ауданынан құрылған 52 серіктіктің ақпары тұр.

Өткен өмірдегі бір шындықты мойындауымыз керек. Ол колхоздастырудың жаппай және кей жерде науқаншылықпен жүруі. Оны 1936 жылғы Конституция қабылданғанға дейін отчеттарда жеке сектордың болуы дәлелдейді. Әрине жыл сайын жеке меншіктегі үй мен мал саны мейлінше азая түскен. Сол кездегі серіктіктер туралы ақпар берген және қол қойған адамдардың ішінде ауылдардың, ондағы серіктіктердің реттерімен алатын болсақ, №1 ауылдан Балғынбаев, Жүнісұлы, Мұратов, №2 ауылдан Ізтілеуұлы, Оразбайұлы, Күлкеұлы, Әбшүкірұлы, Айсаұлы, №3 ауылдан Ыбырайұлы, Әбжанұлы, Қыстаубайұлы, Қалмағанбетұлы, №4 ауылдан Рахманұлы, Сарыұлы, Тұрғынбайұлы, тағы басқа есімдер бар. Ол кездегі құжаттардың қайсысында да адамның әкесінің аты жазылады да, есімі сирек қойылады. Бұлар сол кездердегі серіктіктерді бірінші ұйымдастырушылары, бірінші басқармалары болғандар.

Соғыстың алдында 1939 жылы 65 серіктік болатын. Ірілендіру мақсатында 1 Сартал ауылдық кеңесінің Бірлік серіктігін Еңбекке, 2 ауылдан Аманкелдіні – Социалға, сол сияқты 11 ауылдан Қызылтанды – Социалға (кейін Калинин колхозы болды), Ақсуат пен Қоғалыны – Чкаловқа қосты [6].

Қайыңды 1957 жылы құрылған, бұл кезде қалыптасып қалған совхоз еді. Оның алғашқы директоры Игілік Абзуллинов, партия ұйымының хатшысы Серікбай Қайырбеков болатын. Совхоздар ұйымдасқанда И.Абзуллинов Аманкелдіге совхоздар тресінің директоры болып келді.

Ең ірі шаруашылық Қазақстанның 40 жылдығы (казіргі Б.Қаралдин атындағы) совхозы болды. Онда 8 бөлімше құрылып, жұмыс істеді. Абай, Шөптікөл совхоздары осы совхоздың жерінен бөлінген болатын [7].

1959 жылдың көктемінде ауданға бірінші басшы болып, Оразалы Қозыбаев келді. Бұл кезде ол 35 жаста болатын. Оразалы осыншама кең аймақты аудан жерін жедел аралап, дәл осы кезге дейін бұрынғы 55 колхоздың орнына іріленіп шыққан 19 колхоз бен бір совхоз (Қайыңды) толық зерттеп алды да Торғай жерін игерудің жаңа жоспарын ойластырып жүрді [8].

Жаңа басшы бір күні "Торғай шақырады" деген, Одаққа жар шашқан жариялауын Правда газетіне жарқ еткізеді. Аяғына аудандық атқару комитетінің төрағасы Бөшір Шметов те қол қойған. Онда болашақ кеңшарлардың аттары берілген. Бұл тегіннен тегін шыққан жоқ. Мәселені Орекен Н.С.Хрущевке дейін жеткізіп, ол өзінің көмекшісі Ильичевті жіберген. Көмекші 1960 жылдың ақпан айында келіп, атшанамен жүріп, Жыланшықтың арғы бетіне барып, шын мәнісіндегі колхоздардың жағдайын колхозшылардың тұрмысын көріп, елде кеңестік шаруашылықтар (совхоздар) ашу мәселесіне оң пікір жеткізетініне сендіріп кетті. Ол шешілетін болды. Содан барып Правдаға "Торғай шақырады" материалы жарияланды сол айда. 1960 жылдың наурызынан бастап халық еліміздің барлық түкпірінен келіп қаптап кетті.

О.Қозыбаев осыған өзі басшылық жасап отырды, келгендерді аудан орталығындағы бос орындарға орналастыра берді, ірі колхоздарға жіберді. Аудандық партия комитетінің бюросында қарап, болашақ орындарын шешті. Келгендер күн сайын көбейе берді. Сәуір айында аудан орталығының өзіне сыймай кетті. Басшылар елі құрылмаған, бірақ құрылатын реті бар, орталықтары белгілі, Байғабыл, Қарасу, Үрпек сияқты жерлерге оларды жіберіп жатты. Ал, біздің малымыз одан да көп болып отыр. Ең алдымен мал өсу үшін су керек, сол үшін совхоздың өз күшімен 15 бөгет дайындап шықтық [9].

Дәмдіге қатынас су тасуы кезінде оңай болмайтын. Бұл мәселе тез шешіліп совхоз іргесіндегі өзеннен тас көпір салынып, пайдалануға берілді. Сөйтіп, Аманкелдімен де, Арқалықпен де үздіксіз байланыс жасалды. Дәмді өзенімен қатар аққан Сарыөзен бойынан Степняк совхозы түбінен салынған тас көпір Бүйректалдың да, ауданмен облыс орталығына қатынас мәселесін шешті. Дәмді Арқалық – Қостанай тас жолының үстінде тұр.

Иманов атындағы совхоз, іріленген Куйбышев колхозы кең аймағын және бүкіл Жыланшықтың арғы - бергі бетін қосу арқылы құрылды.

1963 жылы бастауыш партия ұйымының хатшысы болып Молдаш Қойшығұлов келді. Осы совхоздың жерінен Родник совхозы өз шаңырағын көтергенде колхоздың экономикалық қуаттылығы өзгерді. Бірақ қашаннан қоныс тепкен халықтың көп болуынан совхоз қуатты болып қала береді. Орталығы өсті, негізді орталығының бірі Ағаштыкөл селосы нығайды. Жол қатынасы Торғай өзенінен көпір салу арқылы жүйелі қалыпқа келді. Коммунизм жолы совхозы бұрынғы Абай, Чкалов және Ленин колхозының негізінде құрылды. Қазіргі Ақсуат колхозының Ағаштыкөл бөлімшесі, астық алқабы болып отырған Бестөбе осы совхоздың негізгі байлығына негізгі база болды. Орталық Қарасу жағасы - Абай колхозының салынған құрылысын пайдалану арқылы өтті.

Крупская атындағы совхоз осының алдында ғана іріленіп шыққан. Бұрынғы Крупская, Жаңа ұйым, Еңбек, Чапаев колхоздары бірікті. Колхоз кезіндегі соңғы ірілеуде орталығы Чапаев колхозы болса, совхозға айналғанда Қабырғаға көшірілді.

Бұрын жан баспаған таза жерге орналасқан совхоздар туралы айтатын болсақ, алдымен Тастыны айтуға болады. Бұл маңда бұрын Шилісай колхозы болды. Бірақ бір арнаға құятын Тасты мен Ашутасты қатар жатқан екі өзеннің құялыстарынан онша алыс емес жерден орталықты белгілеудің жөні келгенде, жаңа орталыққа Тасты өзенінің бойынан жер белгілеу шешілді. Ал, Шилісайдың орталығы онша алыс жерде қалған жоқ [10].

Сонымен ауданымызда 1960 жылы Жаңадан құрылған 14 совхоздың төртеуі елсіз жерден орын тепті. Кейінгі 2 совхоз да қу даладан салынды. Аудан басшысы Оразалы Қозыбаев "Торғай шақырады" ұраны мен аудан картасын осылай өзгертті. Жан баспаған жапанды жайқалған егін басты. Қаладағыдай текті ақ шатырлы үйлер тұрғызылып, электр тартылып, тас жолдар салынды. 1960 жылы Аманкелді Арқалық арасына көтерме жол салуды бастады. 2-3 жылда Торғайға дейін жеткізілді. Қостанай бағыты Амантоғайға 1960-1965 жылы қосылды [11].

Бұл сияқты совхоздардың құрылуы - елге жаңа өмір әкелді. Бәрі жанаша, қайта құрыла бастады.

Қосымшалар

Амангелді ауданында қайта құрылар колхоздар совхоздарға айналғанда мынадай селолық Кеңестер жұмыс істеді.

Селолық Кеңестің аталуы	Оған қараған мекенді қоныстардың аты
1. Амангелді	Амангелді селосы
2. Амантоғай	Қаражар, Ақсуат, Топалаң, Балғабай, Бөгет, Әділхан.
3. Бүйректал	Ақсай, Бүйректал, Ақит, Аралтоғай, Орловка, Степняк, Нарөлген, Кірпішкөң
4. Дәмді	Қарағайлы, Дәмді, Қараторғай, Саға, Шұбар, Тәукебай, Қаракұдық, Жантық, Керей, Шөлқұдық.

5. Иманов атындағы	Үрпек, Төртқоң, Маңғал, Байдәулет, Көкөлең, Қарашатөбе, Үйрек, Жолоба, Шиқамыс, Сартал, Рахмет, Боқай, Бозтаң, Әділ, Едрес, Жарбидайық, Кіндікті.
6. Комсомол	Комсомол атындағы, Көпжасар, Қарасу, Бестамақ, Баймұрат, Күйік, Шөлқұдық, Қожахмет, Сарықопа.
7. 1- Май	Байғабыл, Жаңатұрмыс, Шитүбек, Қызылтас, Көкпектікөл, Смайыл, Шұқырша, Станция, Байдос, Қара-Арық, Айтпай, Сүйіндік, Ұзынқоға, Садырбай, Өтеміс, Жаңа қоныс.
8. Сарыторғай	Екідің, Жайлаукөл, Амангелді, Қанамбай, Жаңа қала, Қараторғай, Саба, Түйемойын, Маятас, Байсақал, Терісбұтақ, Сарбас, Әбдіқапар.
9. Сартал	Қабырға, Қожабай, Бижан, Уәли, Оспан, Қодар Төбе, Бесмола, Сары-Алакөл, Алакөл, Шортанды, Қоға, Қазынгүл, Тазтөбе, Шақан, Шиқамыс, Кемер, Шақпақ, Орта-төбе, Қарашатөбе, Бестамақ, Сартал, Чапаев, Қызылтам, Торғай жағасы.
10. Еңбекші	Қарасу, Қала, Құржалдама, Екпінді, Қызылтам, Жалдама, Қызыл түбек, Сымтас, Ағайдар, Үштоғай, Ленин атындағы, Қоғалы, Ақтөбе, Қызылқұм, Бестөбе, Мешіт.

Жоғарыдағы аттары аталған жеті селолық Кеңестер, бұл атауды 1960 жылдың 20 желтоқсанында арнаулықаулымен, 3 селолық Кеңес 1936 жылғы атаумен бұрынғы атымен қалған.

Ауданымызға Оразалы Әбілұлы Қозыбаев 1959 жылдың ақпанында I-хатшы болып сайланысымен Хакімжан Наурызбаевті алдыртып, Амангелді мүсінін жасатып, оны сол жылы аудан орталығына, сүйегі бұрын көшіріліп әкелініп қойылған жерге тұрғызды.

1944 жылғы шілдеде Амангелді ауданында мынадай колхоздар болды.

Ауылдық Кеңестің аттары	Колхоздар аттары
1. Сарталауылдық Кеңесіндегі	Еңбек, Крупская, Жаңа ұйым
2. 1 Май ауылдық Кеңесі	Калинин, Кеңшабын, Құмөткел, 1-Май, Чапаев
3. Жаңа ауылауылдық Кеңесі	Ағаштыкөл, Жаңа ауыл, Иманов, Куйбышев
4. Елтай ауылдық Кеңесі	Екпінді, Қызыл әскер, Жаңа тұрмыс, Ленин, Тельман
5. Шынсай ауылдық Кеңесі	Жданов, Кеңарал, Кеңтүбек
6. Бестау ауылдық Кеңесі	Аксуат, Амантоғай, Андреев, Шилісай
7. Еңбекші ауылдық Кеңесі	8-Март, Молотов, Чкалов
8. Қайынды ауылдық Кеңесі	Еңбекші, Каганович, Қайынды, Үлгілі, Қызыл жұлдыз
9. Алғабас ауылдық Кеңесіндегі	Аксуат, 20 жылдық, 15 жылдық, Сулы, Ворошилов
10. Жаңа қоныс ауылдық Кеңесі	Киров
11. Жаңа талап ауылдық Кеңесі	Дмитров, Калинин, 16 жылдық, Үштоғай
12. Бейнетқор ауылдық Кеңесі	Амангелді, Егінді бұлақ, Мереке
13. Октябрь ауылдық Кеңесі	Бірлік, Буденный, Ынталы, Сталин
14. Жаңа жол ауылдық Кеңесі	Егінсай, Кіндіксай, Октябрь
15. Қызыл ту ауылдық Кеңесі	Аяқмойылды, Бүйректал, Жамбыл

1951 жылы біріктіріліп, ірлендірілген колхоздар

Біріктірілгендегі аты	Кіші колхоздар	Колхоздың төрағасы
1. Крупская	Крупская, Жаңа ұйым, Еңбек	Сақанов Манап
2. Куйбышев	Куйбышев, Ағаштыкөл	Бекин Сәду
3. 1-Май	1-Май, Құмөткел	Закарин Мырзамсейіт
30жылдық Қазақстан	15 жылдық Қазақстан, Сулы	Қожагелдин Өтеген
5. Октябрь	Октябрь, Қайынды, Егінсай	Ержанов Жүсіпбек
6. Ленин	Ленин, 8-Март, Тельман, Екпінді	Жанғабылов Жанбыршы
7. Андреев	Андреев, Амантоғай	
8. Ворошилов	Қазақстанның 20 жылдығы, Аксуат, Ворошилов.	

АРАЛТӨБЕ - көл. Жыланшықтүрме қыратының батысында, Амангелді ауданында. Аумағы 3,8 км². Жазық жердегі бірнеше өбелінің көл жағалауына жақын орналасуынан қойылған атау.

АРАЛТӨБЕ - көл. Жыланшықтүрме қыратының батысында, Амангелді ауданында. Аумағы 3,8 км². Жазық жердегі бірнеше өбелінің көл жағалауына жақын орналасуынан қойылған атау.

АШЫАЛАКӨЛ - көл. Торғай мен Ұлы Жыланшық өзендері аралығында, Амангелді ауданында. Аумағы 2,2 км². "Суы ащы, бетінде камыс-қоға аралас өскен көл" мағынасындағы атау.

ӘБІШ - қыстау. Жанақала ауылының оңтүстік-шығысында 6 км жерде, Амангелді ауданында. Кісі есімінен қойылған атау.

БАЙҒАБЫЛ - ауыл. Амангелді ауылының оңтүстік-батысында 20 км жерде, Амангелді ауданында. Тұрғыны 1,0 мың адам. Кісі есімінен қойылған атау.

БАЙМҰРАТ - ауыл орны. Мұқыр ауылының солтүстік-батысында 20 км жерде, Амангелді ауданында. Ру атынан қойылған атау.

БАЙСАҚАЛ - ауыл орны. Екідің ауылының оңтүстігінде 27 км жерде, Амангелді ауданында. Кісі есімінен қойылған атау.

БАЛТАҚҰДЫҚ - бұлақ. Ақсай ауылының оңтүстік-шығысында 13 км жерде, Амангелді ауданында. «Балта руы қазған құдық» мағынасындағы атау.

БАЛТАСАЙ - өзен. Сарыөзен өзенінің алабында, Амангелді ауданында. Ұзындығы 25 км. «Балта руы мекендеген өзен» мағынасындағы атау.

БҰТАҚСАЙ - өзен. Қарынсалды өзенінің саласы, Амангелді ауданында. Ұзындығы 35 км. «Өзен саласыағатын сай» мәніндегі атау.

ГОРНЯК - ауыл. Амангелді ауылының солтүстік-шығысында 95 км жерде, Амангелді ауданында. Тұрғыны 0,12 мың адам. Кен игерушілер құрметіне қойылған атау.

ЕКІДЫҢ - 8-9 ғасырлардан сақталған сәулет өнері ескерткіштері. Ескерткіштер Амангелді ауданындағы Екідың ауылынан солтүстікке қарай, Қараторғай өзенінің екі жақ жағасында орналасқан. Екеуінің ара қашықтығы 4 км. Екі дінді ағаш өскен жер мағынасында.

ЕСЕНТӨР - қыстау. Екідің ауылының оңтүстігінде 24 км жерде, Амангелді ауданында. «Есен руының дем алатын қыстауы» мәніндегі атау.

ЕСІР - ауыл. Амангелді ауылының солтүстік-шығысында 2 км жерде, Амангелді ауданында. Тұрғыны 0,72 мың адам. Кісі есімінен қойылған атау.

ЖАНТАҚКӨЛ - көл. Ұлы Жыланшық өзенінің оң жағалық аңғарында, Амангелді ауданында. Шағын көл. «Жағалауында жантақөскен көл» мәніндегі атау.

ЖАҢАҚАЛА - ауыл. Амангелді ауылынан оңтүстік-батысқа қарай 120 км жерде, Арқалық қалалық әкімшілігінің аумағында. Тұрғыны 0,55 мың адам.

ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1 Куайн Уиллард Ван Орман. Слово и объект. Перевод с англ. – М.: Логос, Праксис, 2000. – 386с.

2 Қазақстан ұлттық энциклопедиясы. – А. –1 - 6 т., 1999 – 2004.

3 Уәли Хайруллин. Тағылымдық шежіре». – Қостанай, 2001. – 168 б.

4 Қостанай облыстық архиві. Қор 54, іс қағаз 490. Б. 28–29.

5 Қостанай облыстық архиві. Қор 116, іс-қағаз 307. Б. 44–48.

6 Қостанай облыстық архиві. Қор 268, іс-қағаз 74.

7 Нұрмағанбетов Ә. Жер-су аты – тарихтың хаты. – «Балауса», 1994.

8 Бектасова Б. Қостанай облысының қысқаша жер-су аттарының сөздігі.

9 Қостанай облысының 70-жылдығына арналады. Фотокітап. Құрастырушы Г. Дильдаев. – Алматы, 2005.

10 Сүлейменова Э., Мәдиева Г., Шәймерденова Н. т.б. Тіл білімі сөздігі. – Алматы: Ғылым, 1998. – 544 б.

11 Жанұзақ Т. Қазақ ономастикасы. Атаулар сыры 3. – Алматы: Дайк-Пресс.